

**Азаматтық қызметшілер болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру және мәдениет саласындағы мамандарға жиырма бес пайызға жоғарылатылған лауазымдық айлықақылар мен тарифтік мөлшерлемелерді белгілеу туралы**

Қарағанды облысы Қарқаралы аудандық мәслихатының 2020 жылғы 18 маусымдағы № VI-57/484 шешімі. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 25 маусымда № 5911 болып тіркелді.

**Ескерту. Тақырыбы жаңа редакцияда - Қарағанды облысы Қарқаралы аудандық мәслихатының 19.08.2021 № VII - 10/80 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексінің 139-бабы 9-тармағына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабына сәйкес, Қарқаралы аудандық мәслихаты ШЕШІМ ЕТТІ:

1. Азаматтық қызметшілер болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру және мәдениет саласындағы мамандарға қызметтің осы түрлерімен қалалық жағдайда айналысатын азаматтық қызметшілердің айлықақыларымен және мөлшерлемелерімен салыстырғанда жиырма бес пайызға жоғарылатылған лауазымдық айлықақылар мен тарифтік мөлшерлемелер белгіленсін.

**Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Қарағанды облысы Қарқаралы аудандық мәслихатының 19.08.2021 № VII - 10/80 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

2. Осы шешім оның алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Сессия төрағасы, аудандық мәслихат хатшысы*

*С. Нуркенов*